**Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлардың тізбесіне және осындай баждар ставкаларының мөлшерлеріне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 41 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 45-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 132-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 шешімімен бекітілген Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлардың тізбесінде және осындай баждар ставкаларының мөлшерлерінде ЕАЭО СЭҚ ТН 0307 84 900 0 коды бар позицияның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"– – – өзгелері".

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері**:

| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |
|---|---|---|---|---|---|
| М. Григорян | И. Петришенко | Ә. Смайылов | Э. Асрандиев | | А. Оверчук |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК